



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы «01» қыркүйек
Ақтөбе қ.

№236

«01» сентября 2023 года
г.Ақтөбе

«2023-2024 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы»

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 01.09.2023 жылғы №277 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
 2. Жаңа 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай қамтамасыз етілсін.
 3. Оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
 4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
 5. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдерін мынадай мерзімдері айқындалсын:
 - 1) 2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек.
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы.
 - 3) Оқу жылының каникул кезеңдері:
 - 1-11 сыныптарда: күзгі демалыс-7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қараша қоса алғанда), қысқы демалыс- 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі демалыс – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда). 2-11 сыныптарда сабақ ұзақтығы -40 минут.
 - 1 сыныптардың оқу сабақтарының режимі; қыркүйекте – күніне 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 40 минут
 - 1-сыныптарда қосымша демалыс – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан 11 ақпанды қоса алғанда).
6. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Ж.Орынтаева мен З.Ж.Корпебаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:

З.Б.Калыбаева